

1 дәріс. Кіріспе. Әлем музейлерінің қалыптасу кезеңдері. Тарихнамасы мен деректік негіздері

Мақсаты: студенттерге пәннің мақсаты мен міндеттері, жалпы әлем музейлерінің қалыптасу тарихы, тарихнамасы мен деректік негіздері туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері.
2. Әлем музейлерінің қалыптасу кезеңдері.
3. Тарихнамасы мен деректік негіздері

Кілт сөздер: музеология, музейтану, museion, галерея, кунскамера, ЮНЕСКО, ICOM

Музеология - музейлердің теориясы мен практикасын, қалыптасу тарихын, музей ісінің коммуникациясын, бағыттарын зерттеумен айналысатын ғылым саласы, сондай-ақ терминологиялық аппараты және түсіндірілетін ұғымдары толық тұрақталмаған, қалыптасып келе жатқан жас ғылым саласы. XX ғасырдың 1990 жылдары біздің еліміздегі музейлер қызметі нақты өзгерістерге ұшырады (құқықтық, экономикалық, ғылыми-зерттеушілік, педагогикалық, ақпараттық-технологиялық, мәдени контексті). Бұл өзгерістердің барлығы дерлік жалпы көпшілікке және ғылыми әдебиеттерде көрініс таба бермеді. Музейтану ғылымының динамикалық дамуы үнемі жаңа мәселелерді тудырып отырады. Бұл ахуалдар іс жүзінде әрбір болашақ маманға музей және музей қызметін игеруге өз үлесін енгізуіне мүмкіндік береді. Әлемдік музейлер кеңістігіндегі қазіргі таңдағы мәселелер, музейдің өзінің болуымен және оның көне дәуірлердегі мәдени мұраларды сақтау міндетімен, мұраларды ақпараттандырумен байланысты.

Пәнді оқытудағы негізгі мақсат қазіргі ғылыми мәселелерді талдауға қабілетті және оны шеше алатын жоғары кәсіби деңгейлі музейтанушы-мамандарды даярлауға үлес қосу. *Тарихи дәуірлердегі және қазіргі кезеңдегі музейтану ғылымын зерттеу, музей туралы танымдарды қалыптастыру* бұл динамикалық көп мәнді әлеуметтік мәдениет институты ретінде қызмет етеді. Пәнді оқыту барысында *әлем музейлері кеңістігіндегі музей қызметінің дамуы мәселелерінің ортақ мінездемесін беру, әлем музейлері тәжірибесіне қолданатын алдыңғы қатарлы технологияларды, білім және мәдениет саласындағы интеграцияның үдерісі, музейлік білім беру саласындағы әріптестікті саралау, әлем музейлері қызметі бағыттарындағы мәселелер туралы түсініктерін қалыптастыру, әлем музейлерінің қор жұмысы, экспозициялық ерекшеліктері сияқты мәселелер қарастырылады.*

Музей ісі және ескерткіштерді қорғау саласы бойынша білім алушы болашақ маманның тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау және қорғау жөніндегі халықаралық және отандық заңнамалар туралы нақты білімі мен көзқарасы болуы тиіс. Сондай-ақ музейлік тіркеу құжатымен жұмыс жасау, музейлік экспозиция және көрме жобалау ісімен, музей мекемелерін басқару және маркетингімен, музейлік коллекцияларды сақтау және қорғау ісімен, музейлік коммуникация және экскурсия қызметімен таныс болуы, отандық

және шетелдік музеология ғылымының алдында тұрған негізгі мәселелерге байланысты сұрақтарға жауап беруі тиіс. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған кезден бастап, басқа да ғылым салалары сияқты музейтану ғылымы да түбегейлі өзгерістерге енуде. Музей ісі мен ескерткіштерді қорғау саласына мамандар даярлау ісінде білім алушылардың ғылыми танымын қалыптастыруда әлем елдері құндылықтарын оқытудың маңызы зор.

Қалыптасу кезеңдері. Музей адамзат өркениетінің ең керемет жетістігі болып табылады. Музей – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени-тарихи құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. **Музей гректің «museion» сөзінен алынған, «муза сарайы» деген мағынаны береді.** Бүгінгі таңда музейлер өткен дәуір құндықтарын болашақ ұрпақ үшін сақтап қана қоймайды, заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады, ғылыми-ағартушылық және ғылыми-зерттеу ісімен айналысады. Сондай-ақ комплектациялау, экспозициялау, музей құндылықтарын насихаттауды жүзеге асырады. Музейлердің қалыптасуы ұлттық сана-сезімді оятуға, мәдени-саяси идеяларды (ой-сезімді) насихаттауға көмектеседі. Музей ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Музейтану/Музеология– музей ісі мен тарихын, оларды ұйымдастыру мен қызметтер жүйесін, әдістемесін зерттейтін ғылым саласы. **Музейтану термині XIX ғасырдың 2-жартысында ғылыми айналымға енді.** Музейтану арнайы пән ретінде музей ісінің теориялық және тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік негіздерін жасайды, музей ісіндегі тарихи-ғылыми, танымдық тәжірибелерді қорытындылайды. Музейтануда археологиялық, этнографиялық, өнертану, палеография, нумизматика, жаратылыстану ғылымдарының зерттеу әдістері кеңінен қолданылады. Музейтану ғылыми пән ретінде музейтану теориясы, музейтанудың тарихы мен тарихнамасы, музейлік деректану методологиясы, музей педагогикасы, т.б. құрылымдарға бөлінеді. Музейтанудың теориялық тұрғыдан зерттелуіне XX ғасырдың 50 – 60 жылдары чех ғалымдары И.Неуступный, И.Бенеш, поляк ғалымы В.Глузинскийлер үлес қосты. 1977 жылы өткен Халықаралық музейлер кеңесінің 11-конференциясында Халықаралық музеология комитеті құрылып, іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Әлем елдері музейлерінің қалыптасу кезеңдерін ежелгі дәуір, VII-XVIII ғасырлар, XIX ғасыр, XX-XXI ғасырлар басы деп бөлуге болады.

Музей мекемелерінің қалыптасу тарихы ежелгі дәуірден бастау алады. Музей алғашында бағалы бұйымдар мен заттар, мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты. Музейлердің қалыптасуына көне замандардағы коллекциялар негіз болды. **Дүниежүзіндегі алғашқы музей Потоломей I тұсында Александрияда, б.э.д. 290 жылы оқу мекемесі ретінде ашылған.** Музей құрамында тұрғын бөлмелер, асхана, обсерватория, кітапхана, ботаника және зоология бағы болған. Музей медициналық және

астрономиялық құрал-жабдықтарды, жануарлар тұлыптарын, мүсіндерді оқу материалы ретінде жинақтаған. Музей жұмысы патшалық қазынасынан қаржыландырылған. Музей жұмысына Птоломейдің өзі басшылық жасаған. Музей кітапханасы аса құнды мұраларды жинақтаған, б.э.д. I ғасырдың өзінде онда 700 000 аса қолжазба болған. Шамамен, б.э. 270 жылы музей қоры Александрия кітапханасының негізгі бөлігімен бірге қираған.

Антикалық Грецияның храмдары ежелгі дәуірдегі өнер музейлері іспетті болды. Құдайлар храмдарында құдайлар мен музаларға арналған мүсіндер, картиналар және басқа өнер туындылары қойылды. Антикалық храмдар мозайкалар және фрескалармен безендірілді. Антикалық Римде картиналар мен мүсіндер қала бақтарында, моншаларда және театрларда қойылды. Бұл жерлерге кез келген тұрғын келе алған, яғни сол кездің өзінде-ақ өнер туындылары көпшілік үшін қолжетімді болған.

Коллекциялау ісінің дамуы да антикалық дәуірге саяды. Ежелгі Рим шешені Марк Туллий Цицерон: “коллекция – шашыранды заттарды бір топқа біріктіру” деп түсіндірді. Коллекциялау ісімен Аристотель, Рим патшасы Юлий Цезар, т.б. айналысты. Бай және белгілі адамдар, әскер басшылары өз виллаларында жинаған соғыс олжаларын, өнер туындыларын қонақтарға көрсетіп отырған. Әртүрлі елдердің мәдени құндылықтарының таралуына соғыстар да әсер еткен. Рим императоры Адриан Греция және Египетте көрген өнер туындыларының көшірмесін жасатып, вилласын музейге айналдырған.

Ортағасырлық Еуропада патшалар, дін басылары шіркеулер, сарайлар, қалалар, қала ратуштарына мүсіндер қойып, көркемсуреттермен безендірді. Орта ғасырларда өнер туындыларын, зергерлік бұйымдарды, ежелгі манускриптерді сақтайтын орындар да осы ғибадатханалар мен монастырлар болған. VII ғасырдан бастап соғыс олжалары храмдар мен монастырларда көпшілік үшін танысуға қойылған. Сол мемлекеттің өзінде соғыс болған жылдары бұрынғы соғыс олжалары, жинақтар салық төлеуге жұмсалған, осылайша коллекция құрамы ылғи өзгеріп отырған, кейде толықса, кейде азайған. Реймс қаласындағы Нотр Дам қазынасының көлемі француз армиясының соғыс өнерімен тығыз байланысты болды.

Өнер туындыларын жүйелі коллекциялау ісі қайта өркендеу дәуірінде басталды, осы кезеңнен бастап музейлердің қазіргі кезеңдегі бейнесі қалыптасқан. Сол кезеңнің ірі меценаты, өнер туындыларын сақтаудың жанашыры ақын-гуманист, ежелгі антиканың білгірі, антикалық гемм және монеталарды коллекциялаушы әрі оны зерттеуші Флоренции Лоренцо Медичи болды, ол Ұлы Медичи атанған. Медичи Сан-Маркодағы бағына Микеланджелоға тапсырыс беру арқылы антикалық мүсіндер көшірмесін жасатқан. Әдетте, өнер туындыларына көп тапсырыс беретін орын шіркеу болып табылады. Храмдарды безендіруге қай кезде де суретшілер белсене атсалысады. Шіркеу, соборлар ғимаратының сәулеттік шешімі көркемсурет, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын орналастыруға жауап бере алады әрі ғибадат етуге келген адам құндылықтармен де танысып кетеді. Әлемдегі көптеген храмдар ғимараты бүгінгі таңда музей статусына ие болған, олар діни қызметпен қатар туристік экскурсиялар да жүргізеді.

Еуропада тарихи музейлер XVI-XVIII ғасырларда пайда болды. Уффици, Прадо, Лувр сияқты көне музейлердің қалыптасу тарихы да XVI ғасырға саяды. Сарайлар ғимаратын салғанда алдын ала картиналар, мүсіндер, кітаптар, гравюралар сақтайтын қор орнын салу жобаланған. Музей типіндегі галереялар, кунсткамералар, кабинеттер салу ісі де осы кезеңге саяды. Кунсткамералар мен кабинеттер ісінің қалыптасуы арқылы табиғат әлемінің байлығының үлгілері, адамзат қолымен жасалған табиғат туындылары жинақталды, әлемтану ғылымында алатын орны зор, «кунсткамера», «кабинет» ашуда оның иелері өз танымдарын қанағаттандыруды басты мақсат етіп қойды. Кунсткамера, кабинеттермен қатар XVI-XVII ғасырларда бай буржуалар арасынан көркемсурет туындыларының озық үлгілерін жинақтаған жеке коллекционерлер қалыптасты. Алғашында жабық түрде жинақталған, тек таңдаулы адамдарға ғана көрсетілетін жеке коллекциялар кейін көпшілік үшін қолжетімді бола бастаған. Мысалы, Франческо I Медичи өзінің жеке коллекциясын Дж. Вазави жобасымен салынған ғимаратқа көшіріп, көпшілік үшін 1584 жылы ашқан. Осылайша қазіргі таңдағы Уффици галереясының негізі қаланған. 1739 жылы Медичи династиясының соңғы өкілі Мария Людовика коллекцияны мемлекет меншігіне өткізген. Ортағасырлық Ресейде Троице-Сергиева лавра шіркеуі өнер туындыларын сақтаған діни мекеме болды. XVI ғасырда Ресей қолданбалы өнер туындысының ерекше қазынасы Мәскеудегі Қару-жарақ палатасының негізі қаланған. XVIII ғасырдың басында Петр I еуропалық үлгідегі музейлер ұйымдастыруды қолға алады. Петербургтегі Кунсткамера жаратылыстану және өнер туындыларының бірегей үлгілерін жинақтаған ғылыми орталық. XVIII ғасырда патша сарайларында, қала сыртындағы резиденцияларында, дворян билеушілерінің сарайларында картиналар мен мүсіндердің ірі қоры жинақталды.

XVIII ғасырда көпшілік музейлер қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. 1750 жылы Парижде Люксембург сарайының картиналары аптасына екі күн көпшілік үшін көруге ашық болған, әсіресе, оған студенттер мен өнер жанкүйерлері тартылған, кейін бұл коллекция Луврға берілген. 1793 жылы ашылған Лувр алғашқы көпшілік үшін ірі музей болды. 1753 жылы ашылған Лондондағы Британ музейі, жаңа типтегі алғашқы музей болып саналады. Оны аралау үшін жазбаша түрде алдын ала тіркелу керек болған. Коллекцияларды орналастыруға арналған алғашқы ғимараттар сарай галереялары болды. XIX ғасырда музейлік ғимараттардың залдары анфилада түрінде немесе ішкі сарайдан айнала орналасқан түрлері қалыптасты.

XIX ғасыр негізгі еуропалық музейлердің қалыптасуының аяқталу кезеңі болып саналады. Венадағы өнер тарихы музейі, Лондондағы Ұлттық галерея, Тейт галереясы, Мюнхендегі Ескі және жаңа пинакотекалар, Петербургтегі Эрмитаж, Орыс музейі, Румянцев музейіндегі Эрмитаж бөлімі, Мәскеудегі Третьяков галереясы - көпшілік үшін ашылған көне музейлер. 1820 жылы Германияда өнер музейлері құрылды. 1811 жылы Ресейде – Феодосияда, 1825 жылы Одессада, 1828 жылы Керчьте археологиялық бағыттағы және әскери-тарихи музейлер құрылды. XIX ғасырда этнографиялық зерттеулердің дамуы нәтижесінде этнографиялық музейлер құрылып, олар ғылыми-зерттеу

орталықтарына айналды. Атап айтқанда, Будапешт (1872), Стокгольм (1874), Париж (Халықтану музейі, 1877), Роттердам (1883) қалаларында құрылған этнографиялық музейлер. Ашық аспан астындағы алғашқы этнографиялық музейлер Скансенде (Стокгольм, 1891), қасиетті Мартинде (Словакия, 1893), Софияда (1893) Брюссельде (1897) құрылды.

Қазақстанда музейлер тарихы 1830 жылдан басталады. Орынборда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясын сипаттайтын мұралар негізінде 1831 жылы Неплюев әскери училищесі жанынан губерниялық музей ашылды. Бұл мұралар қазіргі таңда ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің негізгі қорын құрайды. Қазақстандағы XIX ғасырда Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі (1832), Жәңгір ханның қару-жарақ палатасы (1840), Семей облыстық тарихи-өлкетану музейі (1883) құрылған.

XX ғасырда музейлер қалыптасуының жаңа толқыны басталып, олар ғылыми-зерттеу бағытына бет бұрды. Мысалы, Краковта (1910), Арнхемде (Нидерланды, 1912) құрылып, ірі ғылыми ізденістермен айналысты. 1912 жылы Мәскеуде әсерлі өнер музейі ашылып, кейін А.С. Пушкин атындағы көркемөнер музейі атанды. Ресейде 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін музей қоры жеке коллекцияларды мемлекет меншігіне алу науқаны есебінен және экспедициялар есебінен толықты. XX ғасырда музей салу құрылысында өнер музейлері үшін арнайы салынған ғимараттардан коллекциялардың спецификасына байланысты орналастыра алатын, ұлттық ерекшелігін көрсете алатын кеңістігі бар, сол елдің климаттына қарай төзімділігі бар жаңа сәулеттік шешімдер көрініс тапқан. Қазіргі заман дәуіріндегі музейлер ғимаратының ерекшелігі - ішкі кеңістікті тиімді пайдалану шешімінің, негізгі бөлмелердің трансформациясының болуы. Көптеген өнер музейлерінің экспозициясының бір бөлігін, негізінен мүсіндерді музей сыртына шығарып экспозициялау тәжірибесі де қалыптасқан.

Музейлер негізгі бағыты тұрғысынан: *тарихи музейлер* (жалпы тарих, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, тарихи-мәдени қорықтар, қала-музейлер, Ашық аспан асты музейлері т.б.), *көркемөнер музейлері* (көркемөнер, мүсін, қолөнер, қолданбалы өнер, театр, музыка, кино, мүсіндер бағы, т.б.), *жаратылыстану музейлері* (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық, т.б.), *техникалық музейлер* (авиация, автокөлік, кеме жасау, тау-кен ісі, өнеркәсіп, өндіріс өнімдері, т.б.), *кешенді музейлер* (тарих, шаруашылық, жаратылыстану, т.б. бағыттарды біріктіріп, жұмыс істейтін кең профильді өлкетану музейлері), *мемориалдық музейлер* (мемлекетке, өнерге, әдебиетке ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өнері мен қызметіне арналған музейлер. Мемориалдық музейлер мазмұнына қарай музей-усадыба, музей-үйі, сарай-музейі т.б. атаулар), *табиғат музейлері* (табиғат қорықтары, табиғат ескерткіштері, туризм нысанындағы табиғат ескерткіштері, экомузейлер, т.б. Мыс., ҚР-да Есік көлі, Шарын шатқалы, Қазығұрт тауы, Көкшетау таулары, жартастары, көлдері, т.б.) сияқты бірнеше топтарға бөлінеді.

Музейлер өзінің қызметі мен бағытына қарай жұмыс жасайды. Мысалы, музыка музейлері – музыка мәдениетінің тарихи ескерткіштерін жинау,

сақтау, оны зерттеу және насихаттау ісін жүзеге асыратын мекемелер. Әлемдегі музыка музейлерін екі түрге бөлуге болады. Бірі - музыка аспаптарының музейі, екіншісі – музыканттардың мемориалдық музейлері. Музыка аспаптарын жүйелі түрде жинау XVI – XVII ғасырлардан (Флоренция қаласындағы Ф.Медичи музыка аспаптарының коллекциясы) басталды. 1795 жылы Францияның ұлттық конвенті Париж консерваториясының жанынан музыка аспаптарының музейін ұйымдастыру туралы қаулы шығарды. XIX ғасырдың 2-жартысынан, Брюссельде, Лондонда, Петербургте, Берлинде, Прагада, Венада, Нью-Йоркте, т.б. қалалардың музейлерінде музыка аспаптарының ірі коллекциялары жинақталды. Ресейде музыка аспаптарын жинау XVIII ғасырдан басталды. 1902 жылы Петербург қаласында Сарай оркестрінің музейі ұйымдастырылды. Мемориалдық музыка музейлері ұлы композиторлар тұрған үйлерде (В.А. Моцарттың Зальцбургтегі, Л.Бетховеннің Бонндағы, Ф.Листтің Веймар мен Будапештегі, П.И. Чайковскийдің Клиндегі музей үйлері, т.б.) орналасты. Қазақстанда Ықылас атындағы қазақтың халық музыка аспаптары музейі (1980, Алматы), Ғ.Жұбанова мен А.Жұбановтар мемориалдық музейлері бар.

Тарихи музейлердің бір бағытын діни бағыттағы музейлер құрайды. Мысалы, Ислам өнері музейі – 1881 жылы Египеттің Каир қаласында ашылған, ислам елдеріне тиесілі тарихи-мәдени мұраларды сақтап отырған әлемдегі ең ірі музейлердің бірі. 1952 жылға дейін Араб өнерінің музейі деп аталған. Онда араб елдерінің, Иран мен Түркияның сән және қолөнерінің ірі ескерткіштері сақтаулы. Каир мешіттері мен тұрғын үйлерден, Фустат қазбаларынан және басқа да Каирдың аудандарынан табылған заттар музей экспонаттарының негізін қалады. Музейде араб, парсы тілдерінде жазылған құнды қолжазбалар мен миниатюралар, ағаш оюлар (мыс., аң аулау сахналары бар Фатомид сарайының барельефтері, XI ғ., т.б.), қыш-құмыра бұйымдар, үй жиһаздары (мыс., Калаун сұлтанның кішкентай үстелі, 1327 ж., Бағдад шебері Мухаммед ибн Сункур), түрлі түсті эмальдармен өрнектелген шынылар (ыдыс-аяқ, мешіттің шырағданы), т.б. сақтаулы. Ал Афинадағы Византия және христиан музейі христиан діни мұраларын, икондарды, шіркеу алтарларын, діни кітаптарды, діни мазмұндағы көркемсурет туындаларын экспозициялайды.

Тарихи музейлердің тағы бір бағы Ашық аспан асты музейлерін қамтамасыз ететін музей-қалалардан, музей-қоныстардан көрінеді. Музей-қалалар – музейлендірілген, яғни қорық музейлерге айналдырылған, археологиялық қабатта өзінің табиғи ландшафын сақтап қалған тарихи қоныстар, тарихи-мәдени туризм саласында маңызы бар тарихи ғимараттар мен тарихи дәуірлердегі сәулет өнері ескерткіштерін сақтап қалған қалалар. Қала музейлерді шет елдерде «ескерткіш-қала» деп те атау қалыптасқан. ЮНЕСКО-ның әлемдік маңызы бар құндылықтар қатарына 70 музей-қала енген, соның бірі Санкт-Петербург қаласы.

Музей ісінің негізгі бағыттары – музейлік мұраларды (жәдігерлерді) жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайта қалпына келтіру (реставрациялау), сақтау (консервациялау), зерттеу нәтижелерін ақпарат

жүйелерінде тарату, музейлердің кадрлық жүйесін жетілдіру. Музей жұмыстарын ұйымдастыру түрлеріне: көрмелер, экспозициялар ұйымдастыру, тақырыптық дәрістер, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, музейлік басылымдар шығару, т.б. жатады. Мысалы, қазақстандық музейлерде кейінгі жылдары 20 мыңнан астам көрмелер мен дәрістер өткізілді. Музейлердің қор жинақтау жұмысында далалық экспедициялар ғылыми институттармен бірлескен жұмыстардың нәтижелері кеңінен қолданылады.

Музейлер жүйесі. Музейлер жүйесі деп бір территорияда орналасқан немесе бір бағытты құрайтын музейлер топтамасын айтады. Мысалы, көркемдік музейлер жүйесі, Ашық аспан музейлер жүйесі, ҚР музейлер жүйесі, т.б. Қазақстанда 1913 жылы – 3, 1927 жылы – 6, 1937 жылы – 19, 1939 жылы – 25, 1970 жылы – 29 музейлер болса, қазіргі таңда музейлер саны 200 ден асқан. ҚР Мемлекеттік Орталық музейі (1830), Ә.Қастеев атындағы республикалық өнер музейі (1935) Президенттік мәдени орталығы (2000), Мемлекеттік алтын және асыл металдар музейі (1994), ҚР Археология музейі (1973), Ұлттық валюта музейі (1993), Республикалық кітап музейі (1978) Ықылас атындағы республикалық халық саз аспаптар музейі (1980), “М.Әуезов үйі” ғылыми орталығы музейі (1962), т.б. Мемориалдық музейлер де Қазақстанның тарихи-мәдени рухани өмірінде маңызды рөл атқаруда. Олардың ірілері: Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Абай-Шәкерім кешені, Д.Қонаевтың, Қ.И. Сәтбаевтың, Ж.Жабаевтың, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің, Ғазиза және Ахмет Жұбановтардың, Ш.Уәлихановтың (Алтын Емел), т.б. мемориалдық музейлері, т.б.

Музейлер жүйесіндегі музей ісі мен қызметін дамыту мақсатында 1889 жылы 20 маусымда халықаралық «Музейлер ассоциациясы» құрылды. 1918 жылы Халықаралық музейлер Бюросы құрылып, «Музеон» журналын шығарды. Бұл ЮНЕСКО-ның «Музеум» журналының шығуына негіз болды. 1946 жылы Луврда (Париж) ЮНЕСКО-ның құрамына енген Халықаралық музейлер кеңесі ICOM (*International Council of Museum*) құрылды. ICOM-ға 1948 жылы – 29 мемлекет, 1950 жылы – 43 мемлекет, 1977 жылы – 109 мемлекет, 1999 жылы – 135 мемлекет музейлері мүше болды. ICOM-ға Қазақстан 2003 жылы енген. ICOM әр үш жылда өзіне мүше бір елде бас қосу өткізеді. 2002 жылдың мамыр айынан бастап “Қазақстан музейлері” журналы шыға бастады. 1977 жылы Халықаралық музейлер Кеңесінің 11-конференциясында 18 мамыр Халықаралық музей күні болып белгіленді. БҰҰ-ның Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйым (1946 жылы 16 қарашада құрылған, штаб пәтері Парижде) – ЮНЕСКО-ға 183 ел мүше және 3 ассоциациялық мүше елдер бар. Қазақстан 1992 жылдың 22 мамырынан мүше, Қазақстандағы өкілеттілігі 1994 жылы ашылған. БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО-ға, ICOM-ға мүше болу арқылы Қазақстан музейлері әлемдік кеңістікке шықты.

1982 жылы Музейлердің халықаралық кеңесі (ICOM) әртүрлі елдердегі музейлердің санының үлесін есептеу мақсатында зерттеу жүргізген, зерттеу үшін есепке алынған 26700 музейдің үштен екісі индустриясы дамыған елдер үлесіне тиген. Африкада 1,3 млн. адамға 1 музейден келсе, Еуропада әрбір 43

мың адамға 1 музейден келеді. Мемлекеттерді жеке алып қарастырсақ, Австралияда –14 мың адамға 1 музейден, Канадада 23 мың адамға 1 музейден, АҚШ-та 41 мың адамға 1 музейден, Францияда 43 мың адамға 1 музейден, Ұлыбританияда 55 мың адамға 1 музейден, Жапонияда 77 мың адамға 1 музейден, Үндістанда 1 млн 831 адамға 1 музейден, бұрынғы КСРО–да 189 мың адамға 1 музейден келген. Ресей Федерациясының музейлер жүйесінде 1994 жылы - 1602 музей тіркелген.

Жаңа бағыттағы музейлер. Қазіргі заманғы музейлер қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік қоғамдық-экономикалық жағдайға сай жүргізілуде. Қазіргі заманғы музейлердің құрылымы, ұйымдастырылуы және қызметі негізінен сол қор жинағының бағыты мен мазмұнына сай қалыптасады. Музейлердің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеті – коллекцияларды жүйелеу және зерттеу болып табылады. Оның нәтижесі музей қорындағы шығармалардың толық каталогында, ғылыми мақалаларда, музей жолсеріктерінде, буклеттерінде, арнайы ғылыми-көпшілік кітаптарда көрініс табады. Музейлер қазіргі таңда ғылыми-зерттеу бағыттарының тақырыптары аясында симпозиумдар, семинарлар, конференциялар өткізуді жүйелі жолға қойған. Музейлер тәжірибесінде мемлекеттер арасында мәдениет ісіндегі тәжірибе алмасу аясында мәдени диалог ретінде музей қорындағы коллекциялар көрмесін ұйымдастыру ісі қалыптасқан. Қазіргі таңдағы музейлердің ағартушылық ісі экскурсиялар, экскурстар, лекторилер жүргізуден көрінеді. Музейлер ғимараты арнайы жабдықталған кешенді орындармен, ғылыми-көмекші бөлімдермен, экспозициялық залдармен, қор сақтау орындарымен, көрме залдарымен, реставрациялық шеберханалармен, ғылыми кітапханамен, т.б. жабдықталады. Әлемдегі және еліміздегі музейлер жүйесін қазіргі өскелең заман талабына сай жетілдіру мен өркендетудің бірден бір жолы оның ғылыми-зерттеу негізін нығайтудан да көрінеді.

Музейлерді жаңа бағытта дамытуға деген ізденіс ХХ ғасырдың 60-70 жылдарынан басталды. Латын Америкасында «интеграцияланған музей» тұжырымдамасы жасалып, оның негізгі ережелері 1972 жылы Сантьяго (Чили) қаласында ЮНЕСКО ұйымдастырған «дөңгелек үстел» кезінде қабылданды. «Интеграцияланған музейлердің» негізгі бағыты адамдардың өздерін қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаны танып білуін жүзеге асыру болып табылады. Концепция авторлары Латын Америкасы үшін тек мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттайтын музейлердің болуы өздерін қағаттандырмайтындығын жеткізе отырып, дәстүрлі музейлермен қатар адам дамуы индексіне әсер ететін, таным көкжиегін кеңейтетін музейлерді қоса қабат дамыту керектігін дәлелдеді. Француз музеологтары Ж.А.Ривьер мен Ю.Де Варин бастаған «интеграцияланған музей» идеясы *«экомузейлер»* деген жалпы атаумен сипат алды. Музейдің бұл жаңа бағытының озық тәжірибесі Венесуэла қаласының Баркисименто музейінен, сондай-ақ Рио-де-Жанейро қаласының (Бразилия) Санта Тереза және Сао-Кривоао деген екі ауданынан көрініс тапты. Идея авторлары осы экомузейлерді құрудың нәтижесінде, тұрғындардың табиғи-мәдени ортамен тікелей байланыстын дамыта отырып, дәстүрлі мәдениет құндылықтарын сақтап, насихаттауды әрі тұрғындарды

музей ісіне тартуды жүзеге асыруды мақсат етті. 1983 жылы Лондон қаласында өткен ІСОМ-ның Бас конференциясында музей ісінің осы бағытын ресми ұйымдастыру бастама алды. 1984 жылы Квебек қаласында мамандар «Экомузей және жаңа музеология» атты І халықаралық семинар ұйымдастырды. Квебек декларациясының авторлары «Қазіргі заманда өзінің дамуында жаңа көзқарастарды жүзеге асыру жолына түскен музейлер дәстүрлі идентификация, консервация және ағартушылық міндеттері мен мақсаттары көлемінен шығып, қоғам мен қоршаған орта өміріне қызу араласып, өз аясын кешенді бағдарламаларды жүзеге асырумен кеңейту керек», - деген. 1985 жылы Лиссабон қаласында өткен ІІ халықаралық семинарға қатысушы мамандар музей ісі саласындағы жаңа идеяларды қолдайтын «Халықаралық федерация» құрды. «Жаңа музеология», «Жалпыға қолжетімді музеология» атты білім жетілдіру курстары, «Жаңа музеология және әлеуметтік тәжірибе» атты бірлестік және «Квебек экомузейлер Ассоциациясы» құрылды. «Жаңа музеология» идеясы одан әрі Латын Америкасы, Азия, Африка елдерінде дамыды. «Жаңа музеология» жүйесінде экомузейлермен қатар, *виртуальды музейлер, сайт-музейлер, тірі музейлер, тірі экспозиция, парамузейлер, музей-қалалар* дамыды.

«Тірі музей» идеясын америкалық музеолог Д.К.Дан қалыптастырған. Бұл ұғым «жаңа музеология» ұғымына ұласты. АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы «Тірі өсімдіктер» тірі музейі 120 жылдан бері танымал. Нью-Йорк қаласындағы Квинс штатындағы Кридмур психиатриялық клиника жанынан ашылған «The Living Museum» тірі музейі әрі арт-студия ретінде жұмыс жасайды. Музейді сюрреализм табынушылары, Колумбия университетінің түлегі Болек Гресзинский мен дәрігер Янос Мартон қалыптастырып, 30 жыл бойына табысты жұмыс жасап келеді. Сондай-ақ АҚШ-тың Джеймстаун және Вильямсбургтегі Американы отарлау кезеңінің тірі музейлері, Сан-Уотчтегі үнділер қонысы, Ұлыбританиядағы Қара ел тірі музейі, Норвегия халық музейлерін атауға болады. РФ-да «тірі музейлердің» озық тәжірибесі Красноярск өлкесінде «Экодом», Бородино шайқасы алаңында құрылған «Боронино» музей-қорығынан көрінеді. 2010 жылы Түрікменстанда Ашхабад қаласының маңындағы Гекдере атты елді мекен «тірі музей» ретінде құрылды.

XX ғасырдың соңғы ширегіндегі дәстүрлі музейлердегі демократизация және жаңғыру бағытындағы ізденістер олардың сапалы түрде жаңа бағытқа трансформациялануын қамтамасыз етті. Музей қорындағы құндылықтарды көпшілікке ұсынатын, қолжетімді етудің жаңа жолдары қалыптасты, олар электронды цифрлау, электронды каталогтау, музейлердің мәдени-ағартушылық бағытында инновациялық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылды. Музей құндылықтарын көпшілікке қолжетімді ету қазіргі таңда «*виртуальды музейлер*» жүйесі негізінде іске асуда. Қазіргі заман музейлерінің озық тәжірибесіне музей экспозициясының мазмұнын ашатын 3D, 5D, 7D форматтағы киноқондырғыларды, виртуальды тур, виртуальды музейдегі 3D форматтағы экспозиция мен экспонаттарды атауға болады. Сондай-ақ қазіргі таңдағы музей коммуникациясында музейге келушілілердің

әртүрлі категориялары, мысалы, мүмкіндігі шектеулі адамдармен, балалармен жұмыс жүргізудің жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылды.

Сұрақтар:

1. Ежелгі дәуірдегі коллекциялау ісі, коллекция түрлері.
2. Орта ғасырлардағы музей ісінің дамуындағы ерекшеліктер қандай?
3. ХІХ-ХХ ғасырлардағы. музей ісіндегі бетбұрыстар.

Әдебиеттер:

1. Жигульский З. Музеи мира: введение в музееведение. М., 1989;
2. Поляков Т.П. Мифология музейного проектирования. – М., 2003.
3. Юренева Т.Ю. Музееведение. – М., 2006
4. Основы музееведения. – М., 2013
5. Основы музееведения. – М., 2015
6. Тельчаров А.Д. Музееведение. - М., 2011
7. Шляхтина Л.М. Основы музейного дела. Теория и практика. – М., 2017.
8. Музей в мировой культуре. М., 2003;
9. Сто великих музеев мира. М. 1999
- 10.Музеи мира. М., 1991;

Интернет-ресурстар:

- 1.<http://elibrary.kaznu.kz/ru>
- 2.art-con.ru
- 3.museology.rsu.ru/library/Литература